

**«Құралай» балабақшасы менгеруші жанындағы отырысының
хаттамасы № 3**

03.03.2023 жыл

Катысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Откен кенесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы «Күннің II жартысын өткізу».
3. «Наурыз жұлдыздары» мерекелік ертеңгіліктің сценариімен, «Көктем толы мереке» тәрбие сағаттарының жоспарымен танысу, бекіту
4. «Спорт жұлдыздары» деңе шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту

1. Тыңдалды балабақша менгерушісі Баймодина К.К. откен кенестің шешімдерін орындағанын айтты, ішінара кемшіліктегі атаң өтті. Тәрбиешінің көмекшілері мен медбикеге балабақша ішіндегі санитарлық талаптардың орындалуы қатаң талап стіліп жатқанын ескертті. Қызметкерлердің оны мұлтіксіз орындауды керектігін айтты. Сонымен бірге топ бөлмелерінде тамаққа дейін және кейін үстелді сабынды ыстық сумен жуу, Таңбаланған ыдыстардағы ойыншықтарды өңдеуді күн соңында бір рет ортаңғы және ересек топтарда, ерте жас және кіші топтарда күніне екі рет өткізу керек, ол бірақ толыққанды жүргізілмей жатқанын байқаганын ескертті. Сонымен бірге топтарды және, музыка залын желдету 10 минут, ұйқы алдында жатын бөлмені 30 минут желдету керектігін қайта ескертетінін айтты. Педагогтарға көмекші тәрбиешілерді басқарып, талаптарды толыққанды орындауды керектігін қадап айтты. Сонымен бірге балаларды қызылша немесе гриптің алдын алыш қорғау үшін тәрбиешілерге серуендеу ұзактығын арттыруға, ал жақсы ауа-райында сабактың бір бөлігін аулада өткізуге кеңес берді. Балалардың киіну-шешінүіне көп уақыт жұмсамау туралы тәрбиешілерге кеңес берді.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері Оразалиева Г.Б. «Күннің II жартысын өткізу» шолу тексеру қорытындысымен таныстыруды. Әдіскер балабақша жұмысының күннің II-жартысын үйымдастыруды күн тәртібі сакталып жатқанын айттып өтті. Яғни үйқыдан кейін балалардың көңіл-күйін үйлестіру, ұйқы ашар жаттығулар, денсаулық жолдары жүйелі жасалып жатқанын, бесін тамақтан кейінгі бос уақыттарды жобалау тақырыптары әр алуан екеніне токталды. Мысалы ересек топтарда шаруашылық түрмистік енбек: ойыншықтарды тазалау, жөндеу, бұрыштарды тазалау т.с. жүргізілсе, кіші топтарда театр көрсету, қыстырғыштармен ойындар, мультфильм көру жобаланғанын айтты. Сонымен бірге ертегі тыңдау, бейнелеу бұрышындағы жұмыстар мен балалардың колын жазуға үйрету, тақпактарды қайталау

ересек топтарда жиі өткізілетінін ескертіп, жұмыс түрлерін түрлендіру керектігін ескертті.

Тәрбиешілер бұл ескетудің орынды айтылғанын мойындалап, түзетуге уәде берді.

Сонымен бірге әдіскер «Менің анамның мерекесі» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды. Ертеңгілікке балалардың дайындығын және бұл ертеңгілікке ата-аналар да белсенді ат салысып балаларына қолдау білдіріп жатқанын атап өтті. Ертеңгілік мазмұны бала жасына сай таңдалған, тақшактар, әндер, билер және сахналық қойылымдар жобаланғанын айттып өтті.

Тәрбиешілер ертеңгілікті безендіруге және балаларға сыйлықтарға керекті заттармен қамтамасыз еткені үшін балабақша әкімшілігіне раҳметін айтты.

3. Тыңдалды балабақша тәрбиешісі Бакибаева Г.Д. «Наурыз жұлдыздары» ертеңгілік сценариімен таныстырып өтті. Мерекелік ертеңгіліктің сценарийлері бала жасына сай жобаланған. Ертеңгілікте сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі ұлттық салт дәстүрлер таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Менгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 31.03.2023 өткізуі ұсынды. Менгеруші толық келісті.

4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту бойынша әдіскер Оразгалиева Г.Б тыңдалды. Балабақшаның жылдық жоспарында салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімін орындау мақсатында ортаңғы және ересек топтарда дене шынықтыру ойын сауығы жобаланғанын, онда балалардың дене шынықтыру оку қызметінде игерген қимылдарын нақтылау мақсатында ойындар жобаланғанын түсіндіріп өтті. Ойындар бала жасына сай жобаланған. Ойын сауыққа керекті құралдар толыққанды дайындалу керектігін ескертті

Тәрбиешілер толыққанды дайындалуға келісім берді

Шешімі:

1. Балабақшада санитарлық талаптар қатаң сақталсын. Балалардың серуендеу уақыты арттырылсын.

2. Құннің II-жартысын ұйымдастыру шолу тексеру қорытындысы бойынша айтылған ескертулер орындалсын. Мерзімі тұрақты.

3. Балабақшадағы ертеңгіліктерді тәрбиешілер жұмыс атқарсын.

«Наурыз жұлдыздары» 31.03.2023 ж өткізілсін. Керекті құралдармен толық қамтамасыз стілсін. Жауапты менгеруші Баймодина К.К.

4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекітілсін. Оған жауапты ересек және ортаңғы топ тәрбиешілері және медбике Смайлова Г.К. –ға жүктелсін

Кенес төрайымы:

Хатшысы:



Баймодина К.К.

Уалиева Д.Т.